

М. Д. Бейсенов, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Ауылдық жерлердегі учаскелік полиция инспекторларының профилактикалық қызметіндегі кейбір мәселелері

Аннотация. Мақалада ауылдық жерлерде учаскелік полиция инспекторы жүзеге асыратын профилактиканың кейбір мәселелері қарастырылады және «ресми ескертуді» профилактикалық шара ретінде заңнамалық деңгейде бекіту ұсынылады. Ішкі істер органдарының тәжірибесі, құқықтық актілерді және арнаулы әдебиеттерді талдау қоғамдық тәртіпті сақтау саласында құқық бұзушылықтардың алдын алуда учаскелік полиция инспекторлары маңызды рөлге ие екендігін дәлелдеп отыр, олар қызмет көрсететін әкімшілік учаскелердің аймағында профилактикалық және құқық қорғау функцияларының негізгі көлемін орындайды, күнделікті қызметінде халықпен, еңбек ұжымдармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста болады.

Түйін сөздер: учаскелік полиция инспекторы, профилактика, профилактикалық қызмет, ауылдық жер, ауылдық елді мекендер, ресми ескерту.

Тәжірибедегі ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері ауылдық жерлерде қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ең маңызды рөлді учаскелік полиция инспекторларының қызметі атқаратынын айғақтайды. Бұл олардың ауылдық елді мекендердің көбісінде ішкі істер органдарының жалғыз лауазымды тұлғасы болып табылатындығымен байланысты. Осыған байланысты учаскелік полиция инспекторының қызметінде профилактикалық бағыт негізгі және басым болуы тиіс.

Профилактикалық қызмет — бұл қоғамдық қатынастардың өзгеруін қамтамасыз ететін әлеуметтік тәжірибенің ерекше түрі, соның салдарынан ауытқушылық мінез-құлқына ықпал ететін жағдайлар (себептер, факторлар) жойылады немесе бейтараптандырылады [1]. Ауылдық жерде құқық бұзушылық профилактиканың мақсаттары, ауылдық елді мекендерде тыныштықты және тұрақтылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне төндіретін қауіп-қатерді жоюға, профилактикалық ықпал ету саласына тартылатын тұлғалардың түзелуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ауылдық жерлердің ерекшеліктері: үлкен аумақ; аудандық орталықтан көптеген ауылдық елді мекендердің қашықтығы; олардың арасындағы көлік қатынастың жоқтығы; жол жағдайы; әртүрлі байланыс түрлерінің жоқтығы (көлік, телефон, телеграф); жоғары әлеуметтік бақылау; ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдығы және басқа да факторлар ауыл тұрғындарының өмір салтын анықтайды. Аталған факторлар ауылдағы учаскелік полиция инспекторының профилактикалық қызметін ұйымдастыруға оң және теріс әсерін тигізуі мүмкін. Жоғарыда айтылғанның негізінде ауылды жерлерде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері туралы айтуға болады. Осыған байланысты ауылдық жерлерде қылмыстар мен құқық бұзушылық профилактикасының ерекшеліктері келесіден тұрады: біріншіден, аймақтық ерекшеліктерден; екіншіден, ауылдық өмір салты мен мұнда қалыптасатын ерекше қоғамдық қатынастардың жүйесінен; үшіншіден, ауылдық өмірде профилактика жүйесінің қызмет ететін ерекшеліктеріне байланысты; төртіншіден, профилактика субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің ерекшеліктерінен; бесіншіден, профилактикалық ықпал ету объектілерінің ерекшеліктерінен.

Ауылдық елді мекендерде алдын алу (профилактикалық) жұмыстың әдістері мен нысандарына (сонымен қатар жасалған қылмыстарға құқық қорғау органдарының ден қою жылдамдығы мен сипатына) келесі жағдай әсерін тигізеді — елді мекендерде билік және басқару органдары мен ішкі істер органдары орналасқан ірі елді мекендермен байланыс құралдарының бар болуы. Осыған байланысты, әкімшілік учаскедегі орналасқан көп елді

мекендерге қызмет көрсететін ауылдық жерлердегі учаскелік полиция инспекторлары көлік, жолдар және т. б. болмағандықтан оқиғаларға уақытылы әсерін тигізе алмайды және қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды алдын алуға мүмкіндігі болмайды. Сондықтан ауылды жерлерде құқық қорғау саласына халықты тартудың маңыздылығы артып келеді.

Дегенмен, профилактикалық жұмысты учаскелік қағидаты бойынша ұйымдастыру көптеген артықшылықтарға ие. Атап айтқанда, қызмет көрсететін халықтың барлық өмір салаларын бір учаскелік полиция инспекторымен қамту нәтижесінде, учаскедегі тұтастай және жеке объектілеріндегі жағдайдың толық бейнесі қалыптасады.

Профилактикалық қызметтің мәні мен міндеттері:

– әртүрлі құқық бұзушылықтарды (қылмыстарды) жасауға себеп болатын (факторларды, процестерді, себептерді, жағдайларды, мән-жайларды) құбылыстарды жүйелі түрде анықтау және талдау, оларды жою;

– қылмыстық ниеттердің пайда болуына және жүзеге асырылуына, сондай-ақ құқық бұзушының жеке басын қалыптастыруға әкелетін қайшылықтар мен қақтығыстарды анықтау және зерттеу;

– қылмыс жасауы ықтимал адамдарды тұрақты түрде анықтау;

– осы адамдарға белсенді профилактикалық ықпал ету.

Бұдан басқа, өздерінің мінез-құлқы немесе өмір салтына байланысты қылмыстың ықтимал құрбандары болуы мүмкін деген адамдарға профилактикалық бақылауды да жүзеге асыру қажет. Учаскелік полиция инспекторлары қызметінің тәжірибесі көрсеткендей, профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде, әдетте, осы санаттағы адамдар назарға алынбайды.

Ауылдық жерлерде әкімшілік учаскесінде учаскелік полиция инспекторының профилактикалық жұмыстары мынадай сызба бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

– ауылдық әкімдіктерді, ұйымдарды, мекемелерді, кәсіпорындарды, құрылыстарды аралау, ұйымдардың басшыларымен, қоғамдық көмекшілерімен кездесулерді жүзеге асыру;

– қоғамға қарсы элементтерді анықтау үшін «жағымсыз орындарды» аралау;

– материалдық құндылықтар сақталатын нысандардың техникалық нығайтылуын тексеру; жемшөп пен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау бойынша шараларды жүзеге асыру; ал қызмет көрсетілетін аумақта бағбандық қоғамдар болса, ұрлықтың профилактикасы бойынша шаралар жүргізу;

– азаматтарды қабылдау, шағымдар мен арыздарды қарау, түскен хабарламаларды тексеру;

– профилактикалық есепте тұрған адамдардың, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, тұрмыстық құқық бұзушылардың, әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғалардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайын тексеру және оларға заңға сәйкес шаралар қабылдау;

– браконьерлікпен күресуде аңшылық инспекцияларға және балық аулау инспекцияларына көмектесу;

– ауылдық елді мекендерде патрульдік-бекеттік қызметті жүзеге асыратын полиция қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру және бақылау;

– ауылдық қоғамның өкілдерінің және қоғамдық көмекшілерінің жұмысын ұйымдастыру, олармен нұсқау жүргізу және жұмысында көмек көрсету.

Біздің ойымызша, учаскелік полиция инспекторларының профилактикалық қызметінің тиімділігін арттырудың тағы бір маңызды факторы «ресми ескертуді» профилактикалық шара ретінде заңнамалық деңгейде бекіту, сонымен қатар заңсыз мінез-құлық күтілетін адамдардың заңсыз әрекеттеріне жол бермеу туралы «ресми ескерту» беру құқығын учаскелік полиция инспекторларына беру. Ресми ескерту мұндай адамдардың тарапынан қылмыс жасалуын, басқа да заңсыз және қоғамға қарсы әрекеттерді болдырмауға көмектеседі, ал егер қоғамға қарсы әрекеттерін жалғастырса, мұндай мінез-

құлықтың заңды негізін қалаушы және заңмен көзделген әсер ету шараларын қабылдау үшін негіз болып табылады.

Ескертудің мәні — тұлға мінез-құлқын өзгертпеген жағдайда белгілі бір жазаны қолдану қаупі бар элементі болып табылады. Учаскелік полиция инспекторы қол қойған бұл құжат оның ерік-жігерін білдіреді және профилактикалық сипатқа ие.

Осылайша, ауылдық жерлерде учаскелік полиция инспекторы әртүрлі қылмыстар мен құқық бұзушылық профилактикасын ұйымдастыруда шешуші рөл атқаратыны туралы қорытынды жасауға болады. Учаскелік инспектор өз қызметін, қызмет көрсететін учаскесіндегі қалыптасқан жедел жағдайын, бірінші кезекте — ауылдық елді мекендердегі халықтың тұрмыс жағдайының ерекшеліктерін, олардың өмір салты мен халық арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігін ескере отырып құруға тиіс.

Мұның бәрі ауылдық жерлерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды әзірлеуді, жергілікті мемлекеттік басқару және басшылық органдар тарапынан профилактика саласындағы ауылдық учаскелік полиция инспекторларының қызметіне назардың жоғарылауын талап етеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены некоторые вопросы профилактической деятельности участкового инспектора полиции в сельской местности, автором также предлагается законодательное закрепление официального предостережения о недопустимости противоправного поведения.

RESUME

In the article some questions of the preventive activity of the district police inspector in the countryside are considered, and the author proposes the legislative consolidation of the «official warning» about the inadmissibility of unlawful behavior.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

і. Нечевин Д. К. Социальная профилактика как одно из основных направлений деятельности органов внутренних дел (теория и практика) // Вопросы совершенствования деятельности милиции общественной безопасности. — М., 2001. — Вып. 8. — С. 6.